

**Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 53-472-VI "**  
**Сарыағаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы"**  
**шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 56-508-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 қазанда № 5865 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабының 2 тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 53-472-VI " Сарыағаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5731 тіркелген, 2020 жылғы 28 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының бірінші абзацына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы "арнайы орындардың" деген сөздер " арнайы орынның" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы кестеден кейінгі мәтіннің төртінші абзацындағы "Заңда" деген сөз "Осы Заңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы кестеден кейінгі мәтіннің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық маңызы бар "Шымкент-Шыназ" жолымен және Сабыр Рахимов көшесімен шектесетін Сарыағаш қаласының Ө.Жамансариев көшесіндегі жүру маршрутымен танысу".

2. "Сарыағаш аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Сарыағаш аудандық  
мәслихат хатшысы*

*К. Пердекулов*

*Б. Садыков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК